

## Қазақстан Республикасындағы ведомстволық бақылау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 25 маусым 1993 ж. N 539. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.03. N 931 қаулысымен.

Министрліктер мен ведомстволар жүргізген тексерістер мен тексерулердің тиімсіздігіне, экономикаға нарықтық қатынастардың енгізілуіне қарай олардың функциялары мен өкілеттігінің өзгеруіне және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің құрылуына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қосымшада келтірілген министрліктер мен ведомстволардан өзге министрліктердің, ведомстволар мен басқа да мемлекеттік басқару органдарының бюджеттен бөлінетін қаражат есебінен ұсталатын бақылау-тексеру қызметтері 1993 жылғы 1 шілдеден бастап таратылсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған қызметтерді жылдың аяғына дейін ұстау үшін көзделген қаражатты қысқартсын.

2. Бюджеттен бөлінетін қаражат есебінен ұсталатын, жаңадан құрылатын мемлекеттік басқару органдары бойынша ведомстволық бақылауды ұйымдастыру орынды болатыны туралы ұсыныс Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің келісуімен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізіледі деп белгіленсін.

3. Кәсіпорындар, ұйымдар, банкілер, қауымдастықтар, концерндер, холдингтер, кооперативтер мен қоғамдық ұйымдар және басқа шаруашылық органдар ведомстволық бақылауды құру мәселесін дербес шешеді.

4. Тексерістер мен тексерулерді жүргізуде қабаттасу мен қосарлануға жол бермеу мақсатында бақылау-тексеру қызметі бар министрліктерге, ведомстволар мен басқа да басқару органдарына қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды қоса алғанда өздерінің тексеріс және тексеру жоспарларын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің тиісті органдарымен келісіп алатын болсын.

5. Осы қаулының 3-тармағында аталған шаруашылық жүргізуші субъектілерге қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды қоса алғанда тексеріс және тексеру жоспарларын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің тиісті

органдарымен келісу ұсынылсын.

6. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті:

республика кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды қамтамасыз етсін, ведомстволық бақылау жоқ салаға ерекше назар аударсын;

бақылаудың сақталуы орынды болады деп табылған министрліктердегі, ведомстволар мен басқа да басқару органдарындағы ведомстволық бақылау қызметіне әдістемелік басшылық етуді және дүркін-дүркін бақылауды жүзеге асырсын;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісе отырып, Қазақстан Республикасындағы ведомстволық бақылау туралы Ереженің жобасын 1993 жылғы 15 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізісін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 25 маусымдағы  
N 539 қаулысына

Қосымша

**Мемлекеттік бюджеттің қаржысы есебінен ұсталатын  
бақылау-тексеру қызметтері сақталатын министрліктер  
мен ведомстволардың**

**Тізбесі**

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі  
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі  
Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы  
Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі<\*>

*Ескерту. Бұл қосымша толықтырылды - ҚРМК-нің 1993.09.15. N 882  
қаулысымен.*

*Ескерту. Бұл қосымшаға өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің  
3.01.1995 ж. N 3 қаулысымен.*